

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 7 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2025 жылғы 7 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 07.02.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-және 50-баптарына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, Павлодар қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 3 хаттамасы негізінде ШЕШТІМ:

1. Павлодар қаласының аумағында Центральная көшесі 2, 6, 8 мекенжайында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Павлодар қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Х. Хабылбеков